

Арнайы жер қорын құру және бөлу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қазандағы N 1312.

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:<*>

**ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123
қаулысымен.**

1. Арнайы жер қорын құру және бөлудің қоса беріліп отырған Тәртібі бекітілсін.

2. "Халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің қарамағына беру үшін пайдаланылмаған және ұтымсыз пайдаланылып жүрген жерлерді жүйелі түрде анықтау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 қарашадағы N 938 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 43, 644-бап) күшін жойған деп танылсын.

3. Осы қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 30 қазандағы

N 1312 қаулысымен

Бекітілген

Арнайы жер қорын құру және бөлу

ТӘРТІБІ

ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі "Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің", "жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аудандық комитетіне", "жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аудандық комитеті" деген сөздер тиісінше "Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның", "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органға", "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

1. "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер арасында жерді қайта бөлу мақсатымен арнайы жер қоры құрылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қ а у л ы с ы м е н .

2. Арнайы жер қоры мақсатты пайдаланылмаған және заңдарды бұза отырып пайдаланылған ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің, сондай-ақ олардан жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушылар бас тартқан жерлердің есебінен құрылады.

Арнайы жер қорына санитарлық нормалар мен талаптарды қанағаттандыратын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді жай-күйі көтермейтін жер учаскелері енгізіледі.

3. Жер учаскелерін арнайы жер қорына жатқызу үшін анықтау жерді түгендеу барысында, сондай-ақ жер заңдарын сақтауға бақылау жасау тәртібімен жұмыстарды жүйелі түрде орындау, жерге орналастыру сызбалары мен жобаларын әзірлеу, жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу барысында Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық органдары мен өндірістік бөлімшелері жүзеге асырады.<*>

Жерді түгендеу аудандық атқарушы органның өтінімі бойынша жүргізіледі.

4. Мақсатына пайдаланылмаған және заңдарды бұза отырып пайдаланылған жерлерді анықтау, әдеттегідей, тұтастай әкімшілік аудан немесе ауданның жер пайдаланушылар тобы бойынша жүргізіледі және мүдделі жер пайдаланушылардың өкілдерін қатыстыра отырып Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өндірістік бөлімшелерінің мамандары алқапты зерттеу жолымен жүзеге асырады.<*>

5. Жерді алқаптық зерттеудің нәтижелері зерттеу жүргізген мамандар, мүдделі жер пайдаланушылар өкілдері қол қойған алқаптық зерттеудің сызбасымен қоса, актімен рәсімделеді және жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органға беріледі.<*>

Бұл құжаттарда мақсатына пайдаланылмаған және заңдарды бұза отырып пайдаланылған жерлердің орналасқан жері, алаңы, сапалық жай-күйі, мақсатына пайдаланылмаған немесе заңдарды бұза отырып пайдаланылу себептері, оларда үйлер мен ғимараттардың болуы және олардың құны көрініс табады.

6. Мақсатына пайдаланылмаған және заңдарды бұза отырып пайдаланылған жерлерді анықтау нәтижелері бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган:<*>

бұл жерлерді есепке алады;

жер пайдаланушыға жер учаскесін мақсатына пайдалану немесе заңдарды бұзуды жою қажеттігін ескертеді.

7. Жер учаскесінің иесі немесе жер пайдаланушылардың жасаған іс-әрекеті олардың меншік немесе жер пайдалану құқығынан бас тартуды айғақтауды анықтаған жағдайда (көшу, жерді ұзақ уақыт пайдаланбау және басқалары) бұл учаске иесіз мүлік ретінде есепке алынады.

8. Заңдарда белгіленген мерзімнің бітуіне қарай, сол мерзімде жер пайдаланушы жер учаскесін мақсатына пайдалану жөнінде қажетті шаралар қабылдаса немесе жер учаскесін пайдалану барысында, сондай-ақ жер учаскесін есепке алған күннен бастап бір жыл ішінде иесіз мүлік ретіндегі заңдарды бұзуды жоймаса не шартты жер үлесіне құқық иесі "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 82-бабының 6-тармағында көзделген шартты (дараландырылған) жер үлесін сатпаса жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органы: < * >

иесіз мүлік ретінде есепке алынған жер учаскесін мемлекеттік меншікке қайтару жөнінде:

мақсатына пайдаланылмаған немесе заңдарды бұза отырып пайдаланылған жер учаскелерін мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан алып қою туралы;

мақсатына пайдаланылмаған немесе заңдарды бұза отырып пайдаланылған жер учаскелерін мемлекеттік жер пайдаланушылардан арнайы жер қорының құрамына енгізу жөнінде аудандық атқарушы орган шешімі жобасының материалдарын дайындайды;

заңда белгіленген жағдайларда шартты жер үлесіне құқық иелері өздерінің құқығына билік ету жөніндегі құқықтық өкілеттіктерін жойған кезде, жер учаскелерін арнайы жер қорына есепке алу туралы.<*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

9. Мақсатына пайдаланылмаған немесе заңдарды бұза отырып пайдаланылған жер учаскелерін мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан алып қою уәкілетті мемлекеттік органның талабы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

Соттың шешімі бойынша бұл учаскелерді алып қою барысында жер пайдалану құқығы азаматтық процессуалдық заңдарда белгіленген тәртіппен жария түрде сатылады.

Сатылмаған жер учаскелері арнайы жер қорының құрамына енгізіледі және запастағы жер қорына жатқызылады.

10. Ауданның арнайы жер қорын құру атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жер пайдаланушылардан мақсатына пайдаланылмаған немесе заңдарды бұза отырып пайдаланылған жер учаскелерін арнайы жер қорының құрамына енгізу жер заңдарына сәйкес аудандық атқарушы органның бір жақты

шешімі негізінде жүзеге асырылады.

11. Осы жер учаскелерін жаңа меншік иелері мен жер пайдаланылушыларға бергенге дейін оларды аудандық атқарушы орган белгілеген тәртіппен және сол жағдайда бұрынғы мемлекеттік жер пайдаланушылар пайдаланады.

12. Заңнамада белгіленген тәртіппен арнайы жер қорынан жер учаскелері беріледі.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

13. Арнайы жер қорынан жер учаскелері бірінші кезекте жерлері шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін бөлуге жатпайтын ауыл шаруашылығы ұйымдарынан шыққан азаматтарға беріледі.

Арнайы жер қорынан жер учаскелері қалалар мен поселкелердің азаматтарына берілуі мүмкін.

14. Арнайы жер қорынан жер учаскелерін беру жерге орналастыру тәртібімен, әдеттегідей, бірегей массивпен және жер пайдалануға мүмкіндіктер жасауды ескере отырып жүргізіледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.